



БҰЙРЫҚ

№ 07. 2021

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ *695-0*

город Нур-Султан

**Мүлікті және істерді
басқарудан шеттету туралы**

Нур-Сұлтан қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен «ASIA TEPLOCTROY SERVICE» ЖШС банкрот болып танылды.

Нур-Сұлтан қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің (бұдан әрі - Департамент) 2021 жылғы 11 наурыздағы №218-Ө бұйрығымен «ASIA TEPLOCTROY SERVICE» ЖШС банкроттық басқарушысы болып Айгуль Максұтовна Абенова тағайындалған.

Кредиторлар жиналысының 2021 жылғы 15 маусымдағы хаттамасының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «ASIA TEPLOCTROY SERVICE» ЖШС мүлкі мен істерін басқарудан банкроттық басқарушы Айгуль Максұтовна Абенова шеттетілсін.
2. Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасы «ASIA TEPLOCTROY SERVICE» ЖШС құжаттарын, сонымен қоса мүлкіне қатысты құрылтай, қаржылық және заңмен бекітілетін құжаттарын, сонымен қатар борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күні ішінде өткізуін қамтамасыз етсін.
3. Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасы Заңға сәйкес іс-шаралар жүргізсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасының басшысы Е.Т. Далбинге жүктелсін.
5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы

Қ. Исақов